

## **2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Конкурс Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған жас ғалымдардың 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (бұдан әрі – Конкурс) бойынша өткізіледі.

Конкурстың мақсаты - жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу бастамаларын ынталандыру.

2. 2022-2024 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша қоса алғанда 40 (қырық) жастан аспаған жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама (бұдан әрі – Конкурс) Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы Ережеге, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру қағидаларына сәйкес әзірленді.

2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларымен, Елбасының 2019 жылғы 23 қаңтардағы Жастар жылының ашылу салтанатында сөз сөйлеуімен, Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 мамырдағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында сөз сөйлеуімен айқындалады.

3. Конкурс) құжаттаманы ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (бұдан әрі – Ғылым комитеті) конкурсқа қатысуға өтінімдерді дайындау мақсатында әзірледі.

4. 2022-2024 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы – 9 млн. теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2022 жылы – 3 000 млн. теңге, 2023 жылы – 3 000 млн. теңге, 2024 жылы – 3 000 млн. теңге.

5. Зерттеудің түрі: іргелі және қолданбалы зерттеулер.